

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы Мемлекеттер басшылары кеңесінің, Үкіметтер басшылары кеңесінің және Бірыңғай Экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттер басшыларының мәжілістерін дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 11 қыркүйектегі N 260-ө  
Өкімі

2004 жылғы 15-16 қыркүйекте Астана қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы Мемлекеттер басшылары кеңесінің, Үкіметтер басшылары кеңесінің (бұдан әрі - ТМД МБК, ҮБК) және Бірыңғай (бұдан әрі - БЭК) Экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттер басшыларының мәжілістерін дайындау және өткізу үшін:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2004 жылғы 15-16 қыркүйекте Астана қаласында ТМД МБК, ҮБК және БЭК мәжілістерін дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):

1-қосымшаға сәйкес 2004 жылғы 14-16 қыркүйекте Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер ресми делегацияларының және ТМД Атқару комитетінің мүшелерін (бұдан әрі - ресми делегациялар) орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын;

2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен ТМД МБК, ҮБК және БЭК мәжілістерін өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) ресми делегациялар мүшелерінің әуежайдағы тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақтарды күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі  
б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, ресми делегациялардың арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында ресми делегациялардың арнайы ұшақтарына техникалық қызмет көрсетуді, тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.



4. Мәжіліс залдарын гүлмен безендіру.

5. Баспа өнімдерін (папкалар, бейждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақыру билеттері) әзірлеу.

6. Ресми делегациялардың басшылары мен мүшелері үшін сыйлықтар және кәдесыйлар сатып алу.

7. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ресми делегацияларын Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

8. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің құрметіне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың және Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д.К.Ахметовтің атынан ресми қабылдауларды ұйымдастыру.

9. Ресми делегациялар мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

10. Ұтқыр транкингтік байланыстың 30 бірлігін жалға алу.

11. Ұтқыр ұялы байланыс қызметіне ақы төлеу.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

2004

жылғы

11

қыркүйектегі

№ 260 өкіміне

2-қосымша

## Қазақстан Республикасының министрліктері мен агенттіктерін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер делегацияларына бекіту

---

Әзірбайжан Республикасы | Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттік  
| (Б.С. Оспанов)

Армения Республикасы | Денсаулық сақтау министрлігі (Е.А. Досаев)

Беларусь Республикасы | Көлік және коммуникациялар министрлігі  
| (Қ.Ы. Нағманов)

Грузия | Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік  
| (Н.Қ. Бижанов)

Қырғыз Республикасы | Білім және ғылым министрлігі  
| (Ж.А. Құлекеев)

Молдова Республикасы | Ауыл шаруашылығы министрлігі (С.Ә.Үмбетов)

Ресей Федерациясы	Энергетика және минералдық ресурстар   министрлігі (В.С. Школьник)
Тәжікстан Республикасы	Әділет министрлігі (О.И. Жұмабеков)
Түрікменстан	Мәдениет министрлігі (Д.Қ. Қасейінов)
Өзбекстан Республикасы	Экономика және бюджеттік жоспарлау   министрлігі (Қ.Н. Келімбетов)
Украина	Қаржы министрлігі (А.Ғ. Дунаев)

---